

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

2020 жылғы 19 ақпанда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Мемлекетімізде екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 75 жылдығын бүкілхалықтық мереке дәрежесінде атап өту маңыздылығына Елбасы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның айрықша назарын аударғандары белгілі.

Алайда, біздің БАҚ-да тарихымыздағы төрт жылға созылған ұлы қырғынның гуманитарлық апаттары, миллиондаған азаматтарымыздың жанқиярлық, патриоттық ерліктері мен еңбектері туралы салиқалы сараптамалар, мағлұматтар, естеліктер жоқтың қасы. Соғысқа 1 млн. 280 мыңнан астам тепсе темір үзетін Қазақстан азаматтары қатынасып, оның 700 мыңдайы майдан далаларында құрбан болғаны белгілі. Қаншама жас Аналар ұсақ балаларымен жесір қалды?! Көптеген отбасылар мүлде өшіп кетті. Сұрапыл соғыстың зардабы тимеген отбасы жоқ.

Ұсынысымыз:

1. Ұлы Отан соғысының, тыл ардагерлерінің көңіл күйлерін анықтап, зейнетақылары, тұрғын үйлерінің жағдайы, дәрі-дәрмек, медициналық көмектің тұрақтылығы тағы басқа тұрмыстық мәселелерінің шешілуі сияқты бір де бір ардагердің мемлекет (министрліктер, әкімшіліктер) назарынан тыс қалмауын қамтамасыз ететін нақты істердің орындалуы туралы БАҚ-да жүйелі түрде ақпараттар, мәліметтерді үзбей, күн сайын жариялауды жолға қою – қоғам үшін қажетті әрі маңызды.

2. Мектептерде, оқу орындарында Отан қорғау-патриоттық тәрбиенің өзегі – ұлттық сана тәрбиесінің негізі екенін бүгінгі Тәуелсіздік жемістерімен сабақтастырып, рухани тәрбие жұмысын жандандыру, жастардың тарихи жадын, дүниетанымын қалыптастыру мақсатында Ұлы Отан соғысының тарихи оқиғаларын, есімдері әйгілі, әйгілі емес көптеген жауынгерлер туралы деректі хабарлар,

видеофильмдерді, тақырыптық әңгіме, театр қойылымдарын, мақалаларды кең таратып, әлеуметтік желілерде, газеттердің соңғы беттері емес, алдыңғы беттерінде БАҚ құралдарының барлық түрлері арқылы насихаттауды жүзеге асыруға Үкімет пәрмені берілгені жөн.

3. Ардагерлерге материалдық көмек, аулаларының қарын тазалау, көктемде су тасқындарынан сақтандыру, қорғау, көшелерді тазалауға, осы іске коммуналдық шаруашылық мекемелерімен қатар волонтерлерді, басқа да қоғамдық, мемлекеттік күш мүмкіндіктерін жұмылдыру жұмыстарын жоспарлап, ұйымдастырып, соғыс, тыл ардагерлерін құрметтеп, олардың ерлігін, еңбегін бүгінгі ұрпаққа жариялап, тағы басқа қамқорлық шараларын жүзеге асыру;

4. Ардагерлер тұрған үйлердегі мемориалдық тақталар, ескерткіштер, музейлер, көшелер, бульварлар, алаңдар, парктер түгел қоқыстан аршылып, тазартылуы, кейбір көмескіленген тақталардың (Бауыржан Момышұлы) жаңартылуы, зираттары күтілуі бізге, бүгінгі ұрпаққа парыз. Осы жұмыстарға барлық министрліктер, әкімдіктер, азаматтық қоғам жұмылдырылуы тиіс. Болашақ үшін. Ұлттың өсуі үшін.

5. Мемлекеттік мекемелермен қатар кәсіпкерлік саласында да, кәсіпорындар мен офистерде, шетелдік бизнес құрылымдарында жас ұрпақтың жадында біздің тарихымызға деген құрметті ұлықтау шараларын жүргізу де қоғамды біріктіретіні хақ.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен, депутаттар
«Нұр Отан» фракциясының мүшелері**

**Қ.Сұлтанов
Г.Исимбаева
Б.Ізмұхамбетов
М.Ерман
Н.Сабильянов
Д.Мыңбай
И.Аронова**

**«Халық коммунистері»
ҚКХП фракциясы мүшесі**

В.Косарев